## Еңбекті қорғаудың аймақтық басқармасының Мемлекеттік бас /мемлекеттік/ инспекторы туралы ережені бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Еңбек Министрлігінің 1994 жылғы 15 наурыздағы N 51 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1994 жылғы 25 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1. Қолданылуы тоқтатылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы желтоқсанның 17-сіндегі N 1270 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі жанындағы Еңбекті қорғау департаментінің еңбекті қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекциясы туралы ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Еңбекті қорғаудың аймақтық басқармасының Мемлекеттік бас /мемлекеттік/ инспекторы туралы ереже қосымшаға сәйкес бекітілсін.

*Министрдің бірінші орынбасары*

Қазақстан Республикасы
Еңбек министрлігінің
1994 ж. наурыздың 15-дегі
N 51 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

**Еңбекті қорғаудың аймақтық басқармасының Мемлекеттік еңбекті қорғау бас /мемлекеттік/ инспекторы туралы ЕРЕЖЕ**

**I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. Мемлекеттік еңбекті қорғау бас /мемлекеттік/ инспекторы өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік актілерін және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы желтоқсанның 17-сіндегі N 1270 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі жанындағы Еңбекті қорғау департаментінің еңбекті қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекциясы туралы ережені және осы Ережені басшылыққа алады.

2. Мемлекеттік еңбекті қорғау бас /мемлекеттік/ инспекторы өзінің қызметін право қорғау органдарымен, еңбекті қорғау мәселелерінде басқа да арнайы

өкілдік берілген мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарымен өзара байланысты түрде жүзеге асырады.

3. Жоғары техникалық білімі бар, өндірісте кемінде бес жыл практикалық жұмыс стажы бар адам мемлекеттік еңбекті қорғау инспекторы бола алады. Еңбекті қорғау инспекторлары тиісті даярлықтан өтеді және сирек дегенде үш жылда бір рет аттестациядан өтеді.

4. Мемлекеттік еңбекті қорғау инспекциясының қызметі территориялық-салалық принцип бойынша құрылады.

5. Аймақтық мемлекеттік еңбекті қорғау бас /мемлекеттік/ инспекторларын қызметке аймақтық Еңбекті қорғау басқармасының басшысы бекітеді /қызметтен босатады/.

## II. НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕР

6. Мемлекеттік еңбекті қорғау бас /мемлекеттік/ инспекторының негізгі міндеттері мыналар:

6.1. Жұмыс істейтін барлық адамдардың еңбекті қорғау жөніндегі заңдарды сақтауын қадағалау және бақылау жасау.

6.2. Еңбекті қорғау жөніндегі заңдардың және орындалуға тиіс актілердің бұзылуын анықтау және оған тиым салу, еңбекті қорғаудың бұзылуына жол берген жұмыс берушілерге, лауазымды адамдарға, жұмысшылар мен азаматтарға өзіне берілген право шегінде шара қолдану.

6.3. Еңбекті қорғау мәселелері жөнінде нормативтік актілерді, аймақтық және республикалық бағдарламаларды даярлауға және енгізуге қатысу.

6.4. Өндірістегі жазатайым жағдайлар, кәсіби аурулар мен еңбекті қорғау жөніндегі заңдардың, орындалуға тиіс және нормативті актілердің бұзылуы туралы ақпараттарды жинақтап, оларға талдау жасау.

## III. Праволары мен міндеттері

7. Мемлекеттік еңбекті қорғау бас /мемлекеттік/ инспекторына мынадай праволар беріліп, міндеттер жүктеледі:

7.1. Еңбекті қорғау департаменті тағайындалған үлгі бойынша берген куәлігін ұсынып тәуліктің кез келген уақытында басшыға алдын ала хабарламастан және меншік түрлеріне қарамастан кәсіпорындарға, ұйымдарға баруға.

7.2. Меншіктің барлық түрлеріндегі бірлестіктерде, кәсіпорындарда және ұйымдарда еңбекті қорғау жөніндегі заңдардың және нормативтік актілердің орындалуына мемлекеттік қадағалау және бақылау жасауға.

7.3. Жергілікті басқару органдарынан, меншіктің барлық түрлеріндегі кәсіпорындардан, жұмыс берушілерден еңбекті қорғау жөніндегі ережелер мен нормаларға және еңбек туралы заңдарға қатысты мәселелер жөнінде кез келген құжаттармен танысуды талап етуге және қажетті ақпараттар алуға.

7.4. Өндірісте салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау жөніндегі жұмыста өзін көрсете білген кәсіпорындардың қызметкерлерін көтермелеу туралы басшылық алдына ұсыныстар енгізуге.

7.5. "Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабына сәйкес еңбек ұжымдарындағы жанжал ахуалдарды шешуге қатысуға.

7.6. Жұмыс берушілерге және кәсіпорындардың басқа да лауазымды адамдарына еңбекті қорғау туралы заңдардың бұзылуын жою туралы /заңды және нормативті құжаттарға сүйене отырып/ орындалуы міндетті болып табылатын жарлықтар /І-ГИ түрінде/ беруге және олардың орындалуын бақылауға.

7.7. Кәсіпорындарда еңбек туралы заңдардың бұзылуы туралы құжаттар түзегенде өз жұмыстарында фирмалық банкілерді, пломбирлерді, жеке штамптарды /үлгілері тіркеліп отыр/ пайдалануға.

*Ескерту.N 1, N 2, N 3, N 4, N 5 қосымшалар* .

7.8. Еңбекті қорғау жөніндегі заң актілерін (3-ГИ нысаны) және басқа нормативтік актілерді бұзғаны үшін кәсіпорын басшыларына, лауазымды адамдарға, жұмысшыларға заңда тағайындалған тәртіп бойынша айып салуға, аталған адамдарды атқарып отырған қызметтерінен босату туралы ұсыныстар енгізуге, ал қажет болған жағдайларда, цехтарды, учаскелерді, жұмыс орындарын және жабдықтарды пайдалануды тоқтатуға /тиым салуға/, бұл жөнінде міндетті түрде жарлық берілуі және пломбылар салынуы тиіс.

*Ескерту. 7.8-тармақ өзгертілді - ҚР Еңбек министрінің 1995.04.03. N 4-4* қаулысымен .

7.9. Өндірістік және әлеуметтік-тұрмыстық объектілерді, салу, қайта құру және техникалық жарақтандыру барысында оларда еңбекті қорғау талаптарының сақталуы жағынан алдынала қадағалауды жүзеге асыруға және құрылысы аяқталған өндірістік объектіні пайдалануға бергенде оны қабылдау комиссияның жұмысына қатысуға.

7.10. Нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сай келмейтін арнаулы киімдерді, арнаулы аяқ киімдерді және жеке адамды қорғайтын басқа да құралдарды қызметкерлерге беруге тыйым салуға.

7.11. Кәсіпорындар мен ұйымдардың әкімшіліктерінің ұжымдық шарттарда, келісімдерде және басқа құжаттарда көрсетілген еңбекті қорғау жөніндегі шаралардың орындалуына және еңбекті қорғауға арналған қаражаттың жұмсалуына бақылау жасауға.

7.12. Өкілдік құзырын асырып алғанын және негізсіз санкциялар қолданғаны үшін Қазақстан Республикасының қолданылып отырған заңдарына сәйкес жауап беруге.

7.13. Өзінің жұмысы туралы жылына екі рет /2-ГИ үлгі/ NN 1,2,3 қосымшаларымен есеп беруге, сондай-ақ ай сайын оперативтік мәліметтер /I-ОС үлгі/ беріп отыруға.

7.14. Ауыр зардаптарға душар еткен, қазаға ұшыратқан, немесе топ адамды осындай жағдайға киліктірген өндірістегі жазатайым жағдайлар туралы белгіленген тәртіп бойынша /дереу/ Еңбекті қорғау басқармасының басшылығына хабарлауға /телефон, факс және т.с. арқылы/.

7.15. Өндірістегі жазатайым жағдайларды тексеріп, ол жөнінде кәсіпорын басшысына орындалуы міндетті болып саналатын қорытынды жарлық беруге.

8. Еңбекті қорғау жөніндегі мемлекеттік бас инспектор /2-тармақта көзделген шаралардың үстіне/:

8.1. Саладағы еңбекті қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың жұмысын ұйымдастырады.

8.2. Облыс /сала/ шеңберінде еңбек туралы заңдардың сақталуын қадағалайтын және бақылайтын мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіреді.

8.3.Облыстағы /саладағы/ инспекторлар жүргізген тексерулердің нәтижесі туралы есептерге және басқа материалдарға талдау жасайды, еңбекті қорғау туралы заңдардың анықталған бұзылу фактілерін жою жөнінде шаралар қабылдайды.

8.4. Еңбекті қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың ауыр зардаптарға душар еткен, қазаға ұшыратқан және топ адамды осындай жағдайға киліктірген жазатайым жағдайларды тексерулерінің дұрыстығына және кезінде жүргізілуіне бақылау жасайды.

8.5. Өндірісте топ адамды /екі адамға дейін/ жазатайымға ұшыратқан, қаза болған жағдайды тексеруге қатысады.

8.6. Құрылысы аяқталған өндірістік объектілерді пайдалануға беруге қабылдап алу жөніндегі Мемлекеттік комиссияның жұмысына қатысады.

8.7. Мемлекеттік еңбекті қорғау инспекторларының өзі бақылайтын кәсіпорындарды тексеру жөніндегі жұмыс жоспарларының, кестелерінің орындалуын тексереді.

8.8. Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарда өзінің құзырына жататын мәселелер қаралғанда оларға өкіл болып қатысуға құқы бар.

8.9. Мемлекеттік еңбекті қорғау инспекторларының құзырына жататын мәселелер жөнінде кәсіпорын басшылары /бұлар ұсыныс түсірсе/ мен инспекторлар арасындағы алауыздықтарды қарайды және қажет болған жағдайда бұлардың шешімдері мен қорытындыларының күшін жояды /қайта қарайды/, ал осыған ұқсас ахуалдарды Мемлекеттік еңбекті қорғау бас инспекторының

шешімдері жөніндегі алауыздықтарды Аймақтық еңбекті қорғау басқармасының басшысы қарайды немесе заң бойынша тағайындалған тәртіпке сәйкес шағым түсіріледі.

9. Еңбекті қорғаудың мемлекеттік бас /мемлекеттік/ инспекторға /дәрігер/ мынадай міндеттер мен праволар жүктеледі:

9.1. Денсаулық сақтау мекемелерімен, санитарлық қадағалау және бақылау органдарымен бірлесе отырып, жазатайым жағдайлар мен кәсіби аурулардан сақтандыру жөнінде мақсатты жұмыстар жүргізуге;

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 1993 жылғы қазанның 21-індегі N 440 бұйрығының еңбекшілерді жұмысқа қабылдарда және мезгіл-мезгіл міндетті түрде алдын ала тексеруден өткізудің сапалы жүргізілуі туралы бөлігін жүзеге асыруға бақылау жасау;
- кәсіби аурулармен зақымданған сырқат адамдарды диспансерлерге орналастыру.

9.2. Медициналық-әлеуметтік сарапшылар комиссиясы мен /МӘСК/ бірлесе отырып, жазатайым жағдайларға және кәсіби ауруларға байланысты мүгедектікке ұшыраудың ахуалын, себептерін, медициналық-әлеуметтік және кәсіби қалпына келтірушілік жағдайларды зерттеу.

Атқарылған жұмыстың нәтижесі жөнінде заң және атқару органдарына ұсыныстар енгізу.

9.3. Емдеу-сақтандыру тағамдары мен арнайы сүтті тегін алуға право беретін жұмыстар атқаратын өзгерістердің, мамандықтар мен лауазымдардың тізбесін қайта қарау.

Тізбеге сәйкес емдеу-сақтандыру тағамдарының, арнайы сүттің берілуіне бақылауды қамтамасыз ету.

9.4. Арнаулы киімдерді, арнаулы аяқ киімдерді және адамның жеке басын қорғайтын басқа құралдарды берудің үлгі нормасын талдап жасауға қатысу.

Жұмысшылар мен қызметшілердің арнаулы киімдермен қамтамасыз болу жағдайына бақылау жасау.

Адамдардың жеке басын қорғау құралдарының сапасын жақсарту және олармен қамтамасыз ету, мұны республика көлемінде жүзеге асыру мүмкіндігі жөнінде нақты, көзделген ұсыныстар даярлау.

9.5. Кәсіпорындар мен мекемелердегі кәсіби аурулардың ахуалы туралы деректердің есебін жүргізу, бұл жөнінде бекітілген І-ІІЗ үлгі бойынша тоқсанның, жарты жылдың және жылдың қорытындысы бойынша есеп беру.

Кәсіби аурулардың пайда болу себептерін анықтаумен бірге оның ахуалдарына егжей-тегжейлі талдау жасау.

9.6. Өндірістегі жазатайым жағдайлар мен кәсіби аурулардың ахуалдардың нәтижесі бойынша еңбек гигиенасы мен кәсіби паталогия ғылыми-зерттеу

институтымен, емдеу-сақтандыру мекемелерімен бірлесе отырып, кәсіби ауруларға және жазатайым жағдайларға соқтыратын факторлардың себептерін зерттеу және жұмыс істеушілердің денсаулығын қорғауға бағытталған шараларды талдап жасау.

Талдаудың қорытындыларын аймақтық басқармалар басшыларына, өнеркәсіп салаларының басшыларына табыс ету және Аймақтық басқармалар кеңесінің қарауына енгізу.

9.7. Азаматтардың ұсыныстарын, мәлімдемелері мен арыздарын қолданылып жүрген заңда тағайындалған мерзімде қарау және олар жөнінде қажетті шаралар қабылдау.

9.8. 9.1-9.7-тармақтарда көрсетілген міндеттерді орындау үшін Мемлекеттік еңбекті қорғау бас /мемлекеттік/ инспекторының /дәрігер/ осы Ереженің 7.1, 7.2, 7.3, 7.4, 7.5, 7.6, 7.8, 7.10 - тармақтарына сай праволары бар.

10. Жұмыс берушілер мемлекеттік еңбекті қорғау инспекторларына олардың жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге міндетті /үй болу, ұйымдастыру техникаларын, жеке басын қорғау және байланыс құралдарын, кәсіпорындарды зерттеп қарап, өндірістегі жазатайым жағдайлар мен апаттарды тексеру үшін көлік беру/.

Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің 1994 жылғы наурыздың 15-індегі N 51 қаулысымен БЕКІТІЛГЕН

**Еңбекті қорғау департаментінің Мемлекеттік еңбекті қорғау бас /мемлекеттік/ инспекторының бірыңғай куәлігінің ҮЛГІСІ**

**Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігі Еңбекті қорғау департаменті**

**КУӘЛІК N___________**

| | |
|---|---|
| ________________________________________ | _______________ |
| /фамилиясы, аты, әкесінің аты/ | /өзінің қолы/ |
| ________________________________________ | 199__ж.____берілді |
| мемлекеттік еңбекті | Куәлік меншік түрл. |
| ________________________________________ | леріне қарамастан |
| қорғау инспекторы болып қызмет атқарады | Қазақстан Республи. |
| ________________________________________ | касының аумағындағы |
| *Департамент* | кәсіпорындарда,ме. |

*төрағасы* _____________ кемелер мен ұйым.
/қолы/ дарда күшінде
болады.

І-ГИ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ДЕПАРТАМЕНТІ МЕМЛЕКЕТТІК ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ИНСПЕКЦИЯСЫ**

Кімге____________________________________________________
/фамилиясы, аты, әкесінің аты, лауазымы/
__________________________________________________________
/меншік түрлеріне қарамастан кәсіпорынның,
__________________________________________________________
ұйымның аты/, тел.

**Ұ й ғ а р ы м** **N _ _ _ _ _ _**
----------------------------------
199____ж.__________________

"Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының сәйкес
_____________________________________________________________

| Рет NN | Анықталған тәртіп бұзушылықтар және оларды жою жөніндегі талаптар | Орындау мерзімі | Ескертулер |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

Ұйғарымды орындау мерзімі аяқталғаннан кейін жазбаша түрде мына адреске хабарласын:____________________________________
_____________________________________________________________

*Мемлекеттік еңбекті қорғау бас /мемлекеттік/ инспекторы* _________________________ */қолы,фамилиясы,аты, әкесінің аты/*

*Ұйғарымды алдым* _________________________
199__ж.______________ */қолы, фамилиясы, аты, әкесінің аты/*

N______куәліктің тіркемесі

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 17 желтоқсандағы 1270 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік еңбекті қорғау инспекциясы туралы Ереженің бесінші тармағына сәйкес Мемлекеттік еңбекті қорғау инспекторы /бас инспекторы/ мынадай құқықтарға ие:

- алдын ала хабарламастан және кез келген уақытта, меншігі мен қожалық ету нысанына, қарамастан, барлық кәсіпорындарда болуға және тексеруге;

- жекелеген өндіріс учаскелерін, станоктарды, жабдықтарды тоқтатуға /тиым салуға/;

еңбекті қорғау жөніндегі заңдарды бұзғаны үшін кәсіпорындардың басшыларына, лауазымды адамдарына, жұмысшыларына белгіленген тәртіппен айып салуға.

Кәсіпорындармен ұйымдардың жұмыс берушілері Мемлекеттік еңбекті қорғау инспекторына /бас инспекторына/ қызметін атқаруына қажетті жағдай жасауға міндетті.

N 1-қосымша
Қазақстан Республикасының
Еңбекті қорғау департаменті
Мемлекеттік Еңбекті қорғау
инспекциясы
МЕМЛЕКЕТТІК ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ
БАС ИНСПЕКТОРЫ
___________облысы бойынша
___________199_ж. N______

N 2-қосымша
Қазақстан Республикасының
Еңбекті қорғау департаменті
Мемлекеттік Еңбекті қорғау
инспекциясы
МЕМЛЕКЕТТІК ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ
ИНСПЕКТОРЫ
__________облыс бойынша
199__ж.________ N______

Мемлекеттік еңбекті қорғау
инспекциясы туралы ережеге
N 3-қосымша

**Мемлекеттік еңбекті қорғау инспекторының пломбир қысқашының бет жағының**
**ҮЛГІСІ**
**М И**
**ЕҚ**

Мемлекеттік еңбекті қорғау
инспекциясы туралы ережеге
N 4 қосымша

**Мемлекеттік еңбекті қорғау инспекторының жеке штампының ҮЛГІСІ**

N 5 қосымша

**Сақтау кепілдігіне қолхат**

Объектінің аты______________________________

____________________________________________

Пломбы салыну себебі_______________________

____________________________________________

____________________________________________

Мемлекеттік инспектор_____________________

____________________________________________

/фамилиясы, аты, әкесінің аты, қолы/

Пломбыны сақтауға қабылдап алдым_________

____________________________________________

/лауазымы, фамилиясы, аты, әкесінің аты,

____________________________________________

қолы/

Уақыты__________________Ұйғарым N_________

____________________________________________

жыртып алынатын жер

**Қазақстан Республикасының Еңбекті қорғау департаменті Мемлекеттік инспекция**

Мемлекеттік еңбекті қорғау инспекциясының рұқсатынсыз пломбыны алуға

**ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.**

Кінәлі адамдар еңбекті қорғау заңдарын және басқа да норма. тивтік актілерді бұзғаны үшін "Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабы бойынша жауапқа тартылады.

**Сақтау кепілдігіне қолхат**

Объектінің аты______________________________

____________________________________________

Пломбы салыну себебі_______________________

____________________________________________

________________________________________
Мемлекеттік инспектор__________________
________________________________________
/фамилиясы, аты, әкесінің аты, қолы/
________________________________________

Уақыты_____________Ұйғарым N___________

2-ГИ үлгі

___________________________облысы /саласы/ бойынша Мемлекеттік еңбекті қорғау бас /мемлекеттік/ инспекторының 199___жылғы___________________________________
/жарты жылдық, жылдық/
жұмысы туралы

**ЕСЕП**

___________қ.

| Рет NN | Көрсеткіштер | 199__ж. есеп беріліп отырған кезең | 199__ж. өткен кезең |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | Мемлекеттік инспектордың бақылауындағы /салалар бойынша/ кәсіпорындар саны | | |
| 2. | Тексеру жүргізілгені, барлығы | | |
| 3. | Тексеру нәтижесі бойынша ұйғарым берілгендері: | | |
| 3.I. | соның ішінде еңбекті қорғау саласында арнаулы өкілдік берілген басқа да қадағалау және бақылау органдарымен бірге | | |
| 4. | Анықталған тәртіп бұзушылық саны: | | |
| 4.I. | Олардың ішінде орындалғаны | | |
| 5. | Өндірістегі жазатайым жағдайларды тергеу және есепке алу туралы ережеге сәйкес арнаулы тергеуге жататын жазатайым жағдайлардың саны | | |
| 5.I. | Оның ішінен мемлекеттік еңбекті қорғау инспекторының тергегені | | |
| 6. | Жазатайым жағдайлар туралы Н-I үлгі бойынша алынған актілер көшірмелерінің | | |

саны

6.I. Олардың ішінен қайта жасауға қайтарылғаны

7. Пайдалануға берілуге ұсынылған объектілердің саны:

7.I. Олардың ішінен есеп беріліп отырған кезеңде қабылданбағаны

8. /Белгіленген тәртіп бойынша/ жұмысы тоқтатылғаны:

8.I. Станоктар, машиналар, жабдықтар

8.2. Өндірістік учаскелер, цехтар

8.3. Кәсіпорындар

9. Ұсыныс жолдағандар:

9.I. Еңбек туралы заңдарды бұзғаны үшін лауазымды адамдарды атқарып отырған жұмысынан босату немесе оларға тәртіптік жаза қолдану туралы кәсіпорын басшыларына немесе жоғарғы шаруашылық органдарына енгізілген ұсыныстар

9.2. Кінәлі адамдарды қылмысты жауапқа тарту үшін прокуратура органдарына жолданған материалдар

10. Еңбекті қорғау жөніндегі ережелерді, еңбек туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапқа тартылғандар:

- лауазымды адамдар
- жұмысшылар
- соның ішінде:

10.I. Мемлекеттік инспектордың талабы бойынша жұмыстан босатылғандар

10.2. Тәртіптік жауапкершілікке тартылғаны

10.3. Айып салынғаны: адам/теңге

10.4. Қылмысты жауапқа тартылғаны

11. Еңбекті қорғау мәселелері бойынша қаралған хаттар мен арыздардың саны

12. Есеп беріліп отырған мерзімде саладағы кәсіпорындардың өндірісте зақымдану орын алмағандар саны

/Жарты жылдық, жылдық/ есеппен бірге еңбекті қорғаудың жағдайы және атқарылған жұмыс туралы түсініктеме жолданады

____________________________________________________________

*Мемлекеттік еңбекті қорғау бас /мемлекеттік/ инспекторы______ ____________________*

*қолы /ф-сы, аты, әкесінің аты/*

2-ГИ ҮЛГІГЕ N 1 ҚОСЫМША

__________________________________облысы(саласы) бойынша 199___ж__________________________________________________

/жарты жылдағы, жыл бойғы/ өндірістегі зақымдану туралы

**МӘЛІМЕТТЕР**

| Рет N | Саланың аты | Орташа тізім бойынша жұмыс істеушілер саны/адам/ | | | | Зардап шеккендер саны | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Барлығы | | соның ішінде әйелдер | | Барлығы | | соның ішінде әйелдер | |
| | | 199- | 199- | 199- | 199- | 199- | 199- | 199- | 199- |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| | | | | | | | | | |

Соның ішінде:

| Өлгендері | | | | Мүгедектікке ұшыраған ауыр жағдайлар | | | | Топ адам болып зақымданғандар | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Барлығы | | соның ішінде әйелдер | | Барлығы | | соның ішінде әйелдер | | неше рет Барлығы | | Адамдар Барлығы | |
| 199- | 199- | 199- | 199- | 199- | 199- | 199- | 199- | 199- | 199- | 199- | 199- |
| 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 |
| | | | | | | | | | | | |

________________________________________

Кәсіби ауруға ұшырап зардап шеккендер

---

Барлығы

---

199 - | 199 -

---

23 | 24

---

*Ескертулер:* К = зардап шеккендер саны Х 1000
ж ----------------------------
орташа тізім бойынша жұмыс
істеушілер саны

К (жиілік коэффициенті) - бұл жұмыс істейтін 1000 адамға
ж шаққанда жазатайым жағдайларда
зақымданғандар саны;

К = жұмысқа жарамсыз болған күндер саны
ау ----------------------------------
зардап шеккендер саны

К (ауыртпалық коэффициенті) - бұл зардап шеккен бір адамға
ау шаққандағы жұмысқа жарамсыз
болған уақыттың орташа
ұзақтығы немесе жұмысқа
жарамсыз болған күн саны;

К = жұмысқа жарамсыз болған күн саны Х 1000
жж -----------------------------------------
орташа тізім бойынша жұмыс істеушілер саны;

К (жұмысқа жарамсыздық коэффициенті) - бұл жұмыс істейтін
жж 1000 адамға
шаққанда жұмысқа
жарамсыз болған
уақыттың орташа
ұзақтығы.

| Адам -күн санына шаққанда жұмысқа жарамсыз болған уақыт | | Жазатайым жағдайлардың материалдық зардаптары, теңге есебімен | |
|---|---|---|---|
| 199 - | 199 - | 199 - | 199 - |
| 25 | 26 | 27 | 28 |

Жұмыс істейтін 1000 адамға шаққанда |Жұмыс істейтін 1000 адамға шақ.
жиілік коэффициенті К(ж) |қанда жұмысқа жарамсыздық коэф.
| фициенті К(жж)

199 - | 199 - | 199 - | 199 -

29 | 30 | 31 | 32

Ауырлық коэффициенті | 1000 адамға шаққанда | 1000 адамға шаққанда
К (ау) |өлімге ұшырау жағдай. |мүгедектікке ұшыраудың
|ларының жиілік коэфф. |жиілік коэффициенті
|ициенті К(жө) | К(жм)

199 - | 199 - | 199 - | 199 - | 199 - | 199 -

33 | 34 | 35 | 36 | 37 | 38

2-ГИ Үлгіге N 2 Қосымша

**Қазақстан Республикасының Еңбекті қорғау департаменті Мемлекеттік еңбекті қорғау инспекциясы**

____________________облысы (саласы) бойынша 199 ____ ж.
_________________________ өндірістік зақымдану туралы
(жарты жылда, жыл бойына)

**МӘЛІМЕТТЕР**

Рет N | Саланың аты | Зардап шеккендер саны, адам

| | 199 - | 199 -

1 | 2 | 3 | 4

Жазатайым жағдайларға ұшыратқан оқиғалар түрі

Жол-көлік | Биіктен құлап | бүліну, опырылу, | электр қуатымен
| зардап шегу | заттар құлауы | зақымдану

| 199 - | 199- | 199 - | 199- | 199- | 199- | 199- | 199- |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |

Жазатайым жағдайларға ұшыратқан оқиғалар түрі

| зиянды заттар - және басқа факторлар ықпал | | Басқалар | Ескерту |
|---|---|---|---|
| 199- | 199- | 199-\| 199-\| 199- | 199- |
| 13 | 14 | 15 \| 16 \| 17 \| 18 | 19 |

*Ескерту:* 5-19 графалар топтастырғышқа сәйкес (қажеттігіне қарай) толтырылады.

Өндірістегі жазатайым жағдайларды тергеу және есепке алу туралы ереже.

2-ГИ Үлгіге N 3 қосымша

**Қазақстан Республикасының Еңбекті Қорғау департаменті Мемлекеттік еңбекті қорғау инспекциясы**

_______________облысы /саласы/ бойынша 199__ж______________ ___________________________өндірістік зақымдану туралы /жарты жылда, жыл бойына/

**МӘЛІМЕТТЕР**

| Рет N | Саланың аты | Зардап шеккендер саны, адам | |
|---|---|---|---|
| | | 199 - | 199 - |
| 1 | 2 | 3 | 4 |

Жазатайым жағдайлардың себептері

| Машиналардың, жабдықтардың, технологияның, процестердің ақаулығы | Өндіріс жұмысын қанағаттанғысыз ұйымдастыру | Көлік құралдарын пайдаланғанда қауіпсіздік талапта |
|---|---|---|

| | | рын сақтамау

| 199 - | 199 - | 199 - | 199 - | 199 - | 199 - |
|---|---|---|---|---|---|
| 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

Жазатайым жағдайлардың себептері

| Үйлердің, құрылыстардың, алаңның техникалық жағдайы нашарлығы | | Еңбектің қауіпсіз тәсілдеріне үйрету. дің кемістігі | | Адамның жеке басын қорғау құралдарын пайдаланбау | |
|---|---|---|---|---|---|
| 199 - | 199 - | 199 - | 199 - | 199 - | 199 - |
| 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 |

Жазатайым жағдайлардың себептері

| Еңбек және өндіріс тәртібін бұзушылық | | Басқалар | |
|---|---|---|---|
| 199 - | 199 - | 199 - | 199 - |
| 17 | 18 | 19 | 20 |

*Ескерту:* 5-20 графалар топтастырғышқа сәйкес (қажеттігіне қарай) толтырылады.

Өндірістегі жазатайым жағдайларды тергеу және есепке алу туралы ереже.

1-ОС Үлгі

__________________________облысы (саласы) бойынша 199___ж._________________өндірістік зақымдану туралы
(ай)

**оперативті мәліметтер**

| Рет N | Сала аты | Зардап шеккендер саны | |
|---|---|---|---|
| | | Барлығы | соның ішінде әйелдер |

| | | 199 - | 199 - | 199 - | 199 - |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

| Соның ішінде | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| қаза болғандар | | | | Мүгедектікке ұшыратқан ауыр жағдайлар | | Топ болып жазатайым жағдайға ұшырағандар | | | |
| | | | | | | жағдайлар | | адам | |
| Барлығы | | соның ішінде әйелдер | | Барлығы | | Барлығы | | Барлығы | |
| 199- | 199- | 199- | 199- | 199 - | 199 - | 199- | 199- | 199- | 199- |
| 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 |

1-113 үлгі

________________облысының еңбекті қорғаудың аймақтық басқармасы бойынша Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің 1993 ж. қазанның 21-індегі N 440 бұйрығы негізінде ___________________ жылғы (жарты жылдық, тоқсандық) мезгіл-мезгіл медициналық бақылаудың ақуалы мен нәтижесі туралы

**ЕСЕП**

Сала ________________________________________________

Кәсіпорын ____________________________________________

| Рет N N | | 199___ ж. | 199______ ж. |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

1. Барлық жұмыс істеушілер саны

2. Еңбек жағдайы зиянды және ауыр

өндірістегі барлық жұмыс істеушілер саны
соның ішінде әйелдер
3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің N 440 бұйрығына сәйкес сақтандыру бақылауынан өткен адамдар саны
4. Анықталған кәсіби аурулар; қанша/күндері

-------------------------------
-------------------------------
-------------------------------

5. Кәсіби уланушылық; қанша/күндері
6. Қанша адам алғаш рет мүгедек деп танылды
Соның ішінде:
I топ.
II топ.
III топ.
7. Денсаулыққа келген зиянды өтеу сомасы
8. Сақтандыру бақылауының нәтижесі бойынша жүргізілген емдеу-сақтандыру шаралары:
- еңбекке орналасқаны жоспар нақты
- сауықтырылғаны жоспар нақты
Соның ішінде:
станционарларда
санаторий-сақтандыру орындарында
санаторийларда, т.с.
Кәсіби аурулығы себепті диспансерлік есепте тұрған барлық адамдар:

-------------------------------
-------------------------------
-------------------------------

*Ескерту:* Бұл есеп кәсiби аурулар алғаш рет анықталған салалар бойынша тоқсан, жарты жыл және жыл бойынша берiледi.

4-графада тек емдеу-сақтандыру мекемелерi анықталған (кәсiби аурулар және уланғандар) және сақтандыру орталықтары анықтаған (созылмалы кәсiби аурулар) және Н-I үлгi бойынша тергеу актiсi жасалған кәсiби аурулар есепке алынады.

Есепке қысқаша түсiнiктеме тiркеледi, онда 4-графада көрсетiлген кәсiби аурулардың пайда болу себептерi айтылады. Сондай-ақ адамның денсаулығына қолайсыз әсер ететiн өндiрiстiк ортаны жақсарту жөнiнде ұсыныстар айтылып, оларды iске асыру жолдары көрсетiледi.

8-графада диспансерлiк есепте тұрған кәсiби аурулары бар барлық сырқат адамдар көрсетiледi.

Еңбектi қорғау жөнiндегi Мемлекеттiк инспекция /еңбектi қорғау жөнiндегi аймақтық басқарманың атауы/

Қазақстан Республикасы Еңбек министрлiгiнiң 1995 жылғы "3" көкек коллегия N 4-4 қаулысымен бекiтiлген

3-ГИ нысаны

*Ескерту. Ереже 3-ГИ нысанымен толықтырылды - ҚР Еңбек министрінің 1995.04.03. N 4-4* қаулысымен .

**Әкiмшiлiк құқық бұзушылық туралы ХАТТАМА-ҚАУЛЫ**

Мен, еңбектi қорғау жөнiндегi бас мемлекеттiк /мемлекеттiк/ инспектор ____________________________________________

/еңбектi қорғау жөнiндегi бас мемлекеттiк /мемлекеттiк/

____________________________________________

инспекторының фамилиясы, аты, әкелiгi/

______________________________ тексеру жүргiзген кезiмде

/объектiнiң, кәсiпорынның атауы/

____________________________________________ анықталды.

/анықталған бұзушылықтардың мәнiнiң сипаттамасы/

____________________________________________

____________________________________________

____________________________________________

____________________________________________

/еңбекті қорғау жөніндегі заң /нормативтік/ актінің
__________________________________________ бұзушылық болып табылады
атауы/
бұл жіберілген кемшіліктерге _______________________________________
/жауапты адамның фамилиясы, аты, әкелігі
_______________________________ жауапты болып саналады.
лауазымы, жұмыс орны/

____________________________________________________________________

Жіберілген кемшіліктер үшін жауапты адамның жазбаша түсіндірмесібар.

*Еңбекті қорғау жөніндегі бас мемлекеттік /мемлекеттік/ инспектордың қолы _______*

*Жіберілген кемшіліктер үшін жауапты адамның қолы __________*

____________________________________________________________________

/кесу сызығы/

*Ескерту:*

1. Хаттама-қаулыны жасау кезінде жіберілген кемшіліктерге жауапты адамға әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңда қарастырылған оның құқықтары түсіндіріледі.

2. Хаттама-қаулы үш данада жасалады: біріншісі - жіберілген кемшіліктерге жауапты адамға; екіншісі - еңбекті қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторға беріліп, үшіншісі - егер айыппұл хаттама-қаулы табыс етілген күннен бастап 15 күндік мерзім ішінде төленбеген жағдайда, айыппұл салынған адамның еңбекақысынан даусыз тәртіппен айыппұлды өндіріп алу үшін кәсіпорынның / ұйымның/ бас бухгалтеріне жіберіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК